

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 1182 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 18, 156-құжат; 2000 ж., № 17, 168-құжат; 2003 ж., № 45, 486-құжат; 2007 ж., № 14, 160-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ережеде:

4-тармақтағы «сауда» деген сөз «жаңа технологиялар» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8-тармақтағы «орынбасары», «Сыртқы істер министрі», «Индустрия және сауда министрі», «Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі» деген сөздер тиісінше «бірінші орынбасары», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Сыртқы істер министрі», «Премьер-Министрінің орынбасары - Индустрия және жаңа технологиялар министрі», «Экономикалық даму және сауда министрі» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

14-тармақтың 1) тармақшасында «қызметіне» деген сөзден кейін «байқаушы мәртебесінде» деген сөздермен толықтырылсын;

18-тармақтың екінші абзацындағы «сауда» деген сөз «жаңа технологиялар» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

4-тарау мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:
«15-1. Осы Ереженің 6-1-тарауында айқындалатын тәртіппен Комиссияның оң шешімі болған кезде үміткерге байқаушы мәртебесі беріледі.»;

21-тармақта «Президентіне» деген сөзден кейін «байқаушылардың құрамы бойынша және» деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 6-1-тараумен толықтырылсын:

«6-1. Байқаушылар

21-2. Байқаушылар Кеңестің мүшелері болып табылмайды.

21-3. Байқаушылар құрамына оннан аспайтын халықаралық ұйым немесе шетелдік

к о м п а н и я к і р е а л а д ы .

21-4. Байқаушылардың құрамын Комиссияның ұсынымы бойынша Кеңестің
т ө р а ғ а с ы б е к і т е д і .

21-5. Байқаушылар Кеңестің аралық және жалпы отырыстарына қатыса алады,
сондай-ақ жұмыс органымен келісім бойынша баяндама жасай алады.

21-6. Байқаушылар кем дегенде Кеңестің бір жұмыс тобының жұмысына белсенді
қатысуға, Қазақстан Республикасының жағымды инвестициялық ахуалын
қалыптастыруға және беделін жақсартуға үлес қосуы тиіс.

21-7. Байқаушы мәртебесі Кеңестің мүшелігіне өтінім берген үміткерлерге екі
ж ы л ғ а б е р і л е д і .

21-8. Байқаушының өкілеттіктер мерзімі аяқталғаннан кейін Комиссия байқаушыны
Кеңестің мүшелігіне енгізуге немесе енгізуден бас тартуға ұсынады.»;

28-тармақтың бірінші бөлігіндегі «мерзімдерде жылына кемінде екі рет» деген
сөздер «мерзімге және тақырыпқа сәйкес жылына кемінде бір рет» деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Кеңестің жалпы және аралық отырыстарының қорытындылары бойынша
қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан
Республикасының Премьер-Министрімен, мүдделі мемлекеттік органдармен және
Кеңестің шетелдік мүшелерімен келісілген хаттама жобасын Кеңестің жалпы отырысы
өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің
Ә к і м ш і л і г і н е е н г і з е д і . » .

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев